

Кеңгір су қоймасын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 17 маусым N 740

Жезқазған аймағында су ресурстарын басқаруды, су балансын есепке алу мен бөлуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі комитетінің, Жезқазған облысы әкімінің және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Кеңгір су қоймасын "Жезқазғантүстімет" акционерлік қоғамының құрамынан Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі комитетінің қарамағына беру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген заң тәртібімен Кеңгір су қоймасы мен гидротехникалық кешенін Жезқазған облыстық су ресурстары жөніндегі комитетіне беретін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрдің
орынбасары